Автор: Талдыкбаева Айгуль Сериковна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Өзім туралы
Тақырып: Оқушымын мен енді! Сөйлеу.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.4 Оқиғаны болжау 1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлығы:Сөйлеу туралы білімді түсінеді. Көбі:Жаңа білімге мысалдар келтіре алады. Кейбірі: Анық және толық сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсетеді. Оқиғаларды тыңдап (әңгімелер, ертегілер) талқылайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушы,ученик,learner
Күтілетін нәтиже:	оқушылардың сөздік қорын молайту
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	Ертеңгілік шеңбері Таңғы шеңберде тұрған оқушылар бір – бірімен «Сәлем!» деп амандасады	Шаттық шебері
Сабақтың ортасы (8 минут 2 минут 5 минут 16 минут 3 минут)	№1 Оқулықтағы тапсырма. Суретке назар аудар. Бұлар қандай бөлмелер.Олар қайда орналасқан?№2 Сызбаның көмегімен берілген сұрақтарға жауап беріп көр. Сынып бөлмесінде отырған кімдер? Олар не істеді? №3 Өлеңді мұхият тыңда. СЕРГІТУ СӘТІ. Еркін ұста денеңді, Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үші, бір, екі, үш. Дәптермен жұмыс Оқулықтағы тапсырма. Оқушымын мен енді! Сөйлеміне сәйкес сызбаны тауып көр.	Сергіту сәті Оқулық, дәптерлер.
Сабақтың соңы (6 минут)	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім	Смайликтер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз? 5мин)	Қорытынды бағамдау .Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау. 2: Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу. Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу. 2: Рефлексия. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім ?	Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие
Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. (1 мин)	Оқушылар өздері жасаған бет-бейнелеріне қарап бір-біріне көңіл- күйлерін айтады. (қуанышты, көңілді, көңілсіз, ашулы)	Өнер, ана тілі сабағы Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу